

## Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес келушілердің есептегішін сыныптау туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 19 сәуірдегі № 50 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 22-бабы 1-тармағының бірінші абзацына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **ш е ш і:**

1. Сауда залдарында, әуежайларда және басқа да үй-жайларда құрылғының көру алаңында өтіп бара жатқан адамдардың санын автоматты түрде санауға, олардың өту және онда болу уақытын, оптикалық объектілерден бейнежазбаларды алу арқылы оларды тануға және олардың жүру маршрутын қадағалауға, алынған деректерді кейін сақтай отырып 3D модельдеу алгоритмі арқылы есептеу алгоритмінің көмегімен ақпаратты талдайтын бақылаушының есептегішіне беруге арналған келушілерді есептегіш Сыртқы экономикалық қызметтің Тауар номенклатурасын түсіндірудің 1 және 6 қағидаларына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының 9029 10 000 9 қосалқы позициясында сыныпталады.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасы Төрағасының  
міндетін уақытша атқарушы*

*В. Назаренко*